

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

*Сатеева Б.С., ф.ғ.м., аға оқытушы,  
Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ,  
Төлегенова Г.Е.,  
№137 негізгі орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі*

Қазақ тілінің қалыптасу, даму кезеңдерін айқындау жалпы түркі тілдерінің даму жолдарымен тікелей байланысты. Түркі тілдері, қазіргі түркология қолданып жүрген, қалыптасқан көзқарас бойынша, алты түрлі дәуірді бастан кешірген. Н. А. Баскаков бұл дәуірлерді былап атайды: Алтай дәуірі (б. з. д. III ғасыр), Хун дәуірі (б. з. д. III ғасырдан — б. з. V ғасыр), Көне түркі дәуірі (V — X ғасырлар), Орта түркі дәуірі (X—XV ғасырлар), Жаңа түркі дәуірі (XV—XX ғасырлар).

Түркологияда қазақ тілі түркі тілдерінің, біршама «жаңа» деп қаралатын тобына жатқызылады. Олай болатын себебі: қазақ рулары тарихтың ерте кезінен-ақ мәлім болса да, «қазақ» деп аталатын біртұтас халық XV—XVI ғасырларда барып қалыптасады. Қазақ тарихының осы ерекшелігін ескерсек, қазақ тілінің тарихи кезеңдері мынадай дәуірлерге бөлінеді: 1) Түркі бірлестігіне дейінгі дәуір, — бұл дәуір, шамамен, біздің заманымыздың V ғасырына дейін созылады, екі түрлі белестен тұрады: Алтай бірлестігі, Хун бірлестігі. 2) Түркі бірлестігі дәуірі, екі кезеңге ажырайды: Көне түркі қағанаты кезеңі (V—X ғасырлар). Орта түркі кезеңі (X—XV ғ. б.). 3) Қазақ халық тілінің даму дәуірі (XVI—XVIII ғасырлар). 4) Қазақ ұлттық тілінің қалыптасу дәуірі (XIX ғасыр).

XV—XVI ғасырларда біртұтас қазақ тілі жайында айтуға мүмкіндік туады. Бұл заманда қазақтың ауыз әдебиеті туды. Қазақ тілінің негізгі құрамдық белгілері де осы замандарда қалыптасты. «Қазақ» этнонимінің пайда болуы да, тарихтын айтуы бойынша, XIV ғасырға жатса керек. XVI ғасырдың тарихи деректері қазіргі Қазақстан территориясын мекендеген біртұтас халықтың атын «қазақ» деп қалыптасқан атау ретінде қолданады. XV ғасырдың 60—70-жылдарында алғашқы қазақ хаидығы құрылады, алғаш рет жақын тілдерде сөйлеңіп әдет-салт жағынан бірыңғай рулар мен тайпалар саяси бір орталыққа бағыну мүмкіндігіне не болады. Саяси-шаруашылық, географиялық жағдайлардың салдары ретінде осыдай сол бұрын қалыптасқан қазақтың үш жүзі осы уақыттарда тарих сахнасына шықса керек [1].

XVII—XVIII ғасырлар қазақтың халық тілінің даму дәуірі болды. Біртұтас тілдік жүйелері қалыптасқан халық тілі құрамында жүреді. Олай етпейінше, тіл сол халықтың қоғамдық қатынас құралы болмас еді. Қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық дамудың басты шарттарының бірі де, ондай дамудың негізі де — біртұтас, сол халықтың барлық өкілдеріне ортақ, барлығына түсінікті қатынас құралы—тілді болуын қажет етеді. Бұл қай халық тілінің тарихында да болған және болатын тарихи белес. Қазақ тілі сондай белесті XVII—XVIII ғасырларда өткізді деп қарау керек. XVII—XVIII ғасырлар қазақ тілі құрамында жеке топтардың (кемесе говорлар топтарының) айқындалу негізі болды.

Солдай екендігі қазақ халық тілі құрамында сақталған тайпалық тілдер (әуелі тайпалық) қалдықтары—диалектілерден келінеді. Қазақ тілі диалектілерінің басқа түркі тілдерімен салыстырғандағы үлкен ерекшелігі — олар (диалектілік айырмашылықтар) тілдің негізгі, яғни түсінуге кедергі болатын салаларын қамтыманды.

Орта Азиялық түркі-жазба әдеби тіл сондықтан да қазақ халық тілінің орнына жүріп, оның қызметіп атқара алған жоқ. Әрине, қазақтың халық тілі түркі жазба әдеби тілінен қарым-қатынасқа түсті. Соның нәтижесінде қазақ тілінің құрамында сөздердің кейбір семантикалық топтары пайда болды,

Сонымен, XVII—XVIII ғасырларда қазақ халық тілінің бүгінгі сипатының негізі салынды. Қазақ тілі бір орталыққа бағынған, әдет-салты бірыңғай халықтың тілі ретінде қоғамдық дамудың құралы ғана болып қойған жоқ, дипломатиялық қатынастар тілі, екінші сөзбен, қазақ халқы дүниелік мәдениетпен байланыстыратын құрал дәрежесіне жетті. Әдеби тілдің негізі де осы дәуірде қалана бастады [2].

Қазақстанда шамамен қазақ балаларының 80 пайызы қазақ мектептерінде оқиды және мектептердің шамамен 70 пайызы қазақ тілінде дәріс береді. Бірақ дәл осы арадан даулы мәселе

туындайды. Неліктен көптеген қалалардағы, әсіресе, ірі қалалардағы көптеген мектептер «аралас мектептерден» тұрады. Бұл нені білдіреді? Мысалы, мектепте дәріс алушылардың көпшілігі орыс тілінде оқитын болса, сол мектепте дәріс алатындардың азшылығы қазақ тілінде білім алатын балалар. Міне, сондықтан да орыс тілінің басымдығы білініп тұрады. Бірақ, осыдан жиырма жыл бұрын, әсіресе Қазақстанның ірі қалаларында қазақ тіліндегі мектептердің саны өте аз болғаны есімізде, мысалы, миллион тұрғыны бар Алматыда бар болғаны бір ғана қазақ мектебі болып еді. Қазақ мектептері Өзбекстанда, Түркіменстанда, Монғолияда және Қытайда бар, ал бір миллион екі жүз мың қазақ тұратын Ресейде бір ғана қазақ мектебінің болуы өте ойлантатын жағдай. Бұл – Алтайдың Керей ауылындағы Қаракөл орта мектебі. Қазақтардың Қырғызстанда 100000 диаспорасы бола тұра қазіргі күнге дейін бірде бір қазақ мектебі жоқ.

Бұрынғы Кеңес Одағының елдерімен салыстырғанда тіл жағдайы бойынша Қазақстан тек Беларусьтің алдында тұр. Егер Балтық бойы елдері орыс тіліне қатысты әуелден қатты ұстаным ұстаған болатын болса, Кавказ сырты елдерінде әлімсақтан мемлекеттік тіл проблемасы болған жоқ. Ал Орта Азия елдерін алатын болсақ, тілдік жағдай осыған ұқсас, тек Түркіменстан мен Өзбекстанға қарағанда Қырғызстан мен Қазақстан орыс тілінің үстемдігіне көбірек бой алдырған. Міне, сондықтан орыс тілінің басымдығы әлі де білініп отыр.

Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялады. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабында мыналар атап көрсетілген: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі.». Конституцияға сүйене отырып, «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заң қабылданды. «Тіл туралы» заңға сәйкес 4-бапта: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар: Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға; Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға; қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті» [3].

Қазақстан Республикасының тіл саясатының тұжырымдамасы және Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, онда 2010 жылға қарай барлық орталық және жергілікті атқарушы органдарда мемлекеттік тілді кезең кезеңмен енгізу жоспарлануда. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мынадай міндеттер қойылады: «Мемлекеттік тіл бірқатар мемлекеттік басқару органдарында қолданылмайды немесе мардымсыз қолданылады. Осыған байланысты мемлекеттік органдар іс жүргізуді, есептік-статистикалық, қаржылық және техникалық құжаттаманы 2010 жылға дейін мемлекеттік тілге кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі жұмысты Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабының 2-тармағындағы қағиданы сақтай отырып жүргізуі қажет:

2006 жылы - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының және Алматы қаласының жергілікті өкілді және атқарушы органдары;

2007 жылы – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (Қаржы полициясы), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі, Алматы, Павлодар облыстарының және Астана қаласының жергілікті өкілді және атқарушы органдары;

2008 жылы - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының жергілікті өкілді және атқарушы органдары;

2009 жылы - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасының Парламенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының өңірлік қаржылық орталығы қызметін реттеу агенттігі» [4].

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитеті мемлекеттік тілді дамыту және енгізу жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін қазақтардың 25 пайызы (кейбіреулер 40 пайызы деп айтып жүрді) өз ана тілін білмеді деген ақпарат кең тараған болатын.

Әрине, егер XX ғасырдың басында Қазақстандағы қазақтардың пайыздық үлесі 80 пайызды құраған болса, ол үлес 1959 жылы тың және тыңайған жерлерді игеруден кейін 29 пайызды құрағаны тағы аян. Бірақ, жаппай орыстандыруға қарамастан қазақ тілі әрбір қазақ отбасында естіліп тұрды [5].

Соңғы уақытта Қазақстанда мынадай қызық үрдісті байқауға болады: жергілікті емес ұлттар өкілдері өз балаларын қазақ тіліндегі бала бақшаларға, мектептерге беруде. Қазақ мектептерінде оқитын өзге ұлт балаларының саны 25 мыңға жетті. Санмен бірге сапа да өсуде. Бір қуантатыны басқа ұлт өкілдерінің арасында мемлекеттік тілді жан-тәнімен үйренушілер де және жауапкершілікпен қарайтын да жандардың көбеюі. Міне, сондықтан мемлекеттік тіл – қазақ тілін қоғамдағы өзінің лайықты орнын алатын күн де алыс емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. История Казахской ССР, 1979. Т.2, С. 364-379.
2. История Казахской ССР, Т.2, –А., 1979. С. 258.
3. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі мәселелері. –Алматы. 1988, 107 б.
4. Кеңесбаев Ісмет. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. -640 б.
5. Сарсенова Қ.Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. –Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2010.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН КҮРЕСКЕН «АЛАШ»ЗИЯЛЫЛАРЫ

Сулейменова Б.Б.,

Есентаева Г.Б.,

қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі  
Әлихан Бөкейхан атындағы №76 ЖББОМ

«Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді,  
қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!...»  
Әлихан Нұрмұхамедұлы БӨКЕЙХАН

Өткен ғасырдың басындағы батыс елдеріндегі саяси дүрбелең шаруасы шайқалып, берекесі қашып тұрған патшалық Ресейдің өзіне тәуелді бұратана отар елдерге деген жауыздығы мен жүгенсіздігін шектен тыс үдете түскені анық. Өз еліндігі озбырлықты қойып, өзге елге көз алартуы, еліне сыймаған қара шекпенділерді қазақ сахарасының шұрайлы жерлеріне қоныстандыруы, қазақтың тұратын жерлерін өз меншігіміз деп жариялауы, оған қоса қазақ шаруашылығының